

Е. Ш. НҰРЫМБЕТОВ

ӘЛШЕКЕЙ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРИ

«Сыр елі – жыр елі» деп халық арасында айтылатын қанатты сөз бар. Сыр өнірінің жыршылық мектебінің қазақтың ұлттық дәстүрлі саз өнерінде алатын орны ерекше. Жыршылық мектеппен катар, Сыр өнірінде күйшілік мектептің де қалыптасқанын айта аламыз. Сонау Оғыз заманындағы Қорқыт бағамыздан бастау алатын күй өнерінің бір тармағы осы жерде қанатын көнінен жайған. «Қазақ халқы – оғыз заманынан жеткен күйлерді тартатын бірден-бір түркі тілдес халық» деп көрнекті ғалым А. Сейдім-беков жазғандай, қазақ күйлерінің тамыры теренде жатыр [1].

Адамзаттың тарихты біліп үйренуі, ата-бабаларына қатысты деректерге ие болу үйреншікті нөрсө. Әр дерек біздерде себеп пен нәтижесі жағынан сергектікке жол ашады. Өткен күннің дерегі немесе тарих деп ат берілген, сөйтіп осы ғасырдың соңғы жартысынан бастап білім деп есептелген зерттеу объекті, яки тарихшы қолданған күнде де тарих болып есептелмеген дара бір объект пайда болған. Тарихи дерек – ол халыққа тән түрлі мәліметтерден құралған және басқа халықтардың деректерімен то-лықтырылған, дау тудырмайтын немесе дауы аз болатын материал. Тарих дерегі біз бен өткен уақыт арасына көпір салатын және шығу тегіміздің тексіз болмау жағдайынан, яки жетімдіктен құтқаратын материал.

Ата-бабалары жайындағы деректерге қол жеткізуге, оларды тұтас түсікке айналдырып, ақыл мен сана-сезімнің таразысына салуға осындай бір мүмкіндіктің болғандығы табиғи қалыптасқан жағдайдың нәтижесі [2].

Өнердегі «алтын ғасыр» атанған XIX ғасырда дәстүрлі қазақ музика мәдениетінде көптеген қайталанбас тұлғалар дүниеге келді. Соның ішінде күйшілік өнер көсіби деңгейде қалыптаса бастады. Шамамен YIII – IX ғасырларда өмір сүрген Қорқыттан бастап, Кетбұға, Асанқайғы, Сүйі-нішұлы Қазтуған, Байжігіт, Абылайхан, Қоғда күйшілерден XIX ғасырда Махамбет, Тәттімбет, Дәүлеткерей, Құрманғазы, Абыл, Қожеке, Сармалай, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Дайрабай, Әлшекей, Өскенбай, Дина, Мәмен, Сейтек, Сүгір т.б. күйшілер дәстүр жалғастырыды. Бұл күйшілер кең байтақ Қазақстаның әр жеріндегі, аймактарындағы түрлі домбырашылық мектептердің өкілдері болып табылады.

Сондай тұлғалардың бірі, өзіндік сазгерлік қолтаңбасымен ерекшеленетін дәстүрлі күйші Әлшекей

Бектібайұлының (1847–1932) туғанына биыл 160 жыл толып отыр.

Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында дүниеге келіп, Тәжікстанның Жауан қыстағында қайтыс болған Әлшекей бабамыз Сыр өнірі күйшілерінің ішіндегі көрнекті өкілі екенін мактанашипен айтамыз. Сөйтө тұра, күйшінің шығармашылығын зерттеу, күйлерін халық арасында наси-хаттау әлі де болса өз деңгейінде жүріп жатқан жок.

Ең алғаш Әлшекей Бектібайұлы жөнінде дәректер М.Көкеновтің, Ү.Әбшеновтің, Д.Шпақовтың, Б.Әбдіразақов пен Қ.Ертаевтің, Г.Жақановтың, Б.Айсывыновтың, кейіннен Ә.Тұрсыновтың, А.Сейдімбековтің, Б.Нұржановтың, Б.Жұсіповтің және т.б. еңбектерінде жазылған болатын.

Жоғарыда айтылған тарихи деректердің ұзын саны осы еді. Әлшекей күйлерін орындаушылар да саусақпен санараптытын. Өз ғұмырында жүзден астам күй шығарған дарынды халық композиторы Әлшекейдің шығармашылығын зерттеу неге заманында қолға алынбаған?

Біздің ойымызша, оның бірнеше себептері бар:

- Ең біріншіден, күйшінің шыққан тегі. Орта дәүләтті Әлшекейдің ата-бабасынан қалған байлығы оған кесір болды. Күйшінің кемеліне келіп, ет ағасы болған шағы Қенес заманының Қазан төңкөрісімен тұспа-тұс келді. Байдың ұрпағы деген желеумен отбасы, туыстары қудалауға тұсті. Осы қудалау өмірінің соңына дейін оған тыныштық бермеді. Туған топырағы, кіндік қаны тамған жері бұйырмай бір түнде көшуге тұра келді. Әуелі Өзбекстан, кейіннен Тәжікстан жеріне барып, бас сауғалап, паналауы – елге сыйлы болып келген азamatқа, әсіресе жүргегі нәзік өнер адамына онай соқпағаны анық. Туған жерімен байланыс үзіліп, жырақта қалған күйшінің мұрасын жалғастырып, елге та-ратар шәкірттері болмады.

- Екіншіден, «шайтан таяғын ұстаған» деген молдалардың түсінбеушілігі оның зығырданын қайнатты. Әлшекей балаларының домбырашы болғанын қаламады. Өз басына түскен ауыртпашилықты олар көрмесін деп ойлады. Домбыраны жасырып, жұрт көзіне түспей ойнауды әдетке айналдырыды. Осы әдет балаларына ауысқан сияқты. Әзіретелі Махановтың айтуы бойынша Әлшекейдің баласы Дәнебектің барлық өнерінің қызығын жалғыз ғана әйелі көргені аяң. Осы жерде Әлшекейдің немересі Жидебай Дәнебековтың есke алған әнгімесіне құлак

турелік:

Ташкент облысы, Қазақстанның 40 жылдығы атындағы шаруашылықта тұрған кезіміз еді. Жәкем бір күні кешке дейін домбыра тартты. Кіріп шыққан адамдардан әдетіне басып қымсынбады да. Әйгілі ұстага бір қара беріп жасатқан қара домбыра болушы еді, атамның көзін көрген деп отыратын. Бір сөт аңғарсам, әкем ағыл-тегіл жылап отыр. Сөйтіп ұзак тартты-ау. Өлден уақытта орнынан атып тұрып домбыраны тізеге койып екі бөлді. Екі бөлді де жанып жатқан ошаққа тастай салды. Сондагы айтқаны: «Әкем мен Қарабаладан қалған, Сейсенбекімді жалмаған қу тақтай менен де қаларсын»...

Сол себепті де әкесінің күйлерін тиіп-қашып естіген өз балаларының және киіз үй сыртынан естіп үйренген Кенжетай күйшінің орындаудың Өлшекей мұрасы толық бізге толық жетпеген.

- *Үшіниңіден*, күйшінің өз жанұясы туған еліне тек XX ғасырдың орта шеніне қарай көшіп келді. Бұл кезең өлі де болса, кеңестік дәуірдің қылышын тұрған шағы. Өлшекейдің күйлері толыққанды халық арасында насиҳатталмады. Өлшекейдің «Қыз тоқтаған» күйін орындауға Әбдіқадыр Әбдыхалықов сахнаға шығар алдында халық ақыны Манап Көкеновтің осы күйді ойнағанда бармағын шығармауын өтінің – сол заманының «қатал саясаты» еді.

- Сен бұл күйді бармағынды шығарып ойнама. Партияның саясаты билеп тұрғанда, жазықсыз құтындалып кетерміз, – дейді. Шынында да, біреудін тапқырлығын, ойнау шеберлігін дәл сол саясаттың кезінде кім түсінді дейсіз? Түсінсе де, бұқпантай-лап ауыз ашпағандар қаншама? Күйдін атынан заты көрінетін сол тұсты да (бармағын шығару) «өкіметке қол шошайту» деп жала жаппасына кім кепіл?!

- *Төртіниңіден*, қазақ музыкатану саласының «ақсақалы» академик Ахмет Жұбанов сынды маңандардың колына Өлшекей туралы мағлұматтар дер кезінде тимеді. Адуынды, жігерлі күйлердің авторы Құрманғазы сияқты композиторлардың іздеушісі көбірек болған заман еді ол.

Осы сияқты себептердің арқасында күйшінің шығармашылығы зерттелінбей калды. Оның үстінен Дәнебектің көзі тірісінде 1968 жылы өзі орындаған көптеген күйлері ұнтаспаға жазылған еді. Кейін ол жазбаның дерегі табылмай кетті.

Ендігі кезекте Өлшекейдің күйшілік мұрасының азантай сынығының болса да, бізге үзілмей жетуіне үлес қосқан орындаушыларға тоқталып, кімнен-кім үйренгенін тармактармен таратып көрелік.

1. Өлшекейдің өз балалары – Ерсұлтан, Байсұлтан, Қарабала, Жұмабек, Дәнебек, Мұса, Әлеуметтен тарайтын тармақ. Өлшекейдің барлық баласы да домбыра ұстап, күй шерткен. Солардың ішінде

Қарабала мен Дәнебектің өнері ерекше болған. Құтын - сүргінді көп көріп, журегі шайлықкан Дәнебек күйді оңаша тартады екен. Жылдар бойы қанына сіңген осы әдет кейін келе қызғаншақтыққа ұласқан сынаілы. Әкесінің барлық күйін жете менгерген Дәнебекті Өлшекей мұрасының *негізгі* мұрагері ретінде қарастыруға болады. Дәнебекұлы Сейсенбай мен Жидебай, яғни Өлшекейдің немерелері ата жолын қуып, күй шертуді кәсіп қылған. Бірақ Сейсенбай әке өнерін бойына сіңіріп өскенмен жастай дунис салды. Сөйтіп баба мұрасын келесі ұрпакқа жеткізу міндепті Жидебайдың пешенесіне жазылды. Сол жүкті ол үлкен жауапкершілікпен орынды да. Жидебай ақсақалды 75 жасында алғаш рет көрдік. Салмақты сөздерімен және нағыз қүйшіге тән пандылықпен атасының бірнеше күйін тартып, әңгімесін атып берді. Салалы саусақтары домбыра мойнында еркін көследі. Алдында отырған қарт па әлде қылышлаған жас па, білмейсің! Шіркін, ертерек кездесер ме едік. Қазіргі ойыны осы болғанда, жас күніндегі домбырашылық шеберлігін көз алдыныңға елестете беріңіз. Кезек бізге келгенде, Өлшекейдің бірнеше күйі орындалды. Дәнебектің келіні, кезінде өнеріне тәнті болған Жидебай ақсақалдың үйіндегі женгеміздің:

- Мына баланың домбыра тартысы – атамыздың ойынына келеді екен, – деп ағынан жарылып айтқан сөздеріне бір марқайып қалдық. Жидебайдың өз баласы Оралбай домбыра тартуды кәсіп қылмаған, бірақ біршертері бар екен. Қанында бар күйшілік Жидебай ақсақалдың немере-шеберелерінен бе, әйтеуір бір ұрпағынан көрінеді деп үміттенеміз.

2. Сиқымбайдан Бектібай туады. Бектібайдан Өлшекей, Туматай, Кержан өрбиді. Туматайдың баласы Кенжетай Әбдіқадыр Әбдіхалықовты шәкірті қылады. Кенжетай домбыраны солақай тартқан. Ұстазының «солақайлығы» Әбдіқадырға ауысқан сынаілы.

Ен алғаш Өлшекей күйлеріне деген кызығушылықпен, жалпы Сыр өнірі күйшілерін зерттеп, экспедицияға шығуды 90-шы жылдарда қолға ала бастадық. Өнері бар деген кісілерді аудио және бейне таспаға түсіргендеге олар алғашқыда сәл қысылып, бар білгенін толық актармайды. Қазанғап күйші 62 тармақты Ақжелен күйлерінің басын ең бірінші «Күй шақырғыш Ақжеленмен» бастаған. Сол сияқты, дерек берушілерді әңгімеге тартып, әуелі өзінді таныстырып, қандай өнерін бар екенін көрсетуге тиістісін. Кезінде бабаларымыз өз өнерлерін кейінгі ұрпакқа аманаттап калдыру үшін ең алдымен шәкірт тандаған. Таңдаған ізбасары оның өнерін жалғастыруға лайық па әлде жоқ па? Бұл ұстаз үшін өте маңызды болған. Жеке өз басымнан өткен осындаі

оқиғаға токталғым келеді.

1994 жыл. Құрманғазы атындағы консерваторияның студентімін. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Өзгент ауылында тұратын дәстүрлі күйші, атақты Әлшекейдің күйлерін орындаушы Әбдіқадыр Әбдіхалықовты іздең тұнғыш экспедицияға шықтык. Қасымда бір топ өнерлі жігіттер бар. Амандасып, танысып шәй үстінде келген мақсаты-мызды айттык. Әбдіқадыр аксакал менің күй тартуымды сұрады. Бірақ өзі домбыра ұстамады. 30-шақты күйден кейін, шалысымды байқаған соңғана қолына домбырасын алғып, Әлшекейдің өзі білетін барлық күйлерін аныздарын айта отырып, бабына келтіріп орындады. Біз үнтаспаға жазып алдық. Осылай басталған таныстықтың аяғы ұстаз беренше шәкірттің байланысына жалғасты. Қазакы дәстүрмен мені «өкіл бала» қылды. Осы кездесу мен үшін үлкен сыйн және үлкен жауапкершілік еді. Болашақта өнер зерттеушісі мамандығын қалауымызға септігін тигізгені анық. Ұстазымның аманатымен Әлшекей бабаның колда бар күйлерін нотага түсіріп, ақырында «Сыр сүлейі – Әлшекей» атты күйлер жинағы жарық көрді [3].

3. Әлшекеймен замандас Бөле күйшінің тарихта аты қалғаны мәлім. «Бөпемен бес тартыс» цикл күйлерін соған арнаса керек. Өткінішке қарай, бұл күйлер бізге жетпеген. Бөпеден Ибаш Өткелбайұлы үйренеді де, Ибаштан Тынысбек Дүйсебекұлы Әлшекей күйлерін менгереді. Тынысбектің мамандығы экономист болса да, күй тартуда алдына жан салмайды. Өз жанынан да күйлер шығарады. 1996 жылы кездескенімізде ағамыз нағыз «бабында» екен. Әлшекейдің бірнеше күйін зырылдататып, зулатып өзіндік мәнерінде ерекше сезіммен орында берген еді. Бұл Әлшекей мұрасы орындаушыларының тағы бір тармағы болып табылады.

4. Мұсабай, Мұстафа, Бекмырза, Айсын, Нұрыш, Жаманқұл, Ақбота Әлшекеймен замандас өнер иелері. Осы кісілердің ұрпақтары Зейнабиден Мұсабаев, Аман Жаманқұлов, Бәден Айсыновтардың еңбектері ерекше. Зейнабиденнің орындаудында Құрманғазы атындағы Үлттық консерваториясының

фольклор кабинетінде, Аманның орындаудында Қызылорда облыстық радио корында Әлшекей Бектібайұлының бірнеше күйлері сақтаулы. Сауатты музықант, ұстаз Б.Айсынов өзі басқаратын Жаңақорған аудандық халық аспаптары оркестрімен Әлшекейдің бірнеше күйін орындағаткан.

Осы аталған өнерпаздардың арқасында бір-неше ұрпақ арқылы бізге жеткен «алтынның сыйнығында» Әлшекейдің күйшілік мұрасын насиҳаттау біздің парызымыз. Әлшекей күйлерін менгеруді Қызылорда қалалық балалар саз мектептерінің, Қазанғап атындағы музыкалық колледждің және Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің музика факультетінің оку бағдарламаларына енгізіп, жиі орындарап тұrsa өскелен ұрпақтың құлағына сіне берер еді.

Бабамыздың 160 жылдығы қарсаңында аудандық, облыстық денгеймен шектелмей Республика көлемінде Әлшекей Бектібайұлы атындағы домбырашылардың байқауларын өткізетін уақыт жетті деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Ақсөлеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Алматы: Санат, 1997. 32 б.
2. Садық Тұрал. Қорқыт Атаниң айналасында бас қостық // ZAMAN-Қазақстан. 1998. 20 ақпан. 13 б.
3. Нұрғымбетов Е. Сыр сүлейі – Әлшекей. Алматы: «Исламнұр», 2005.